

## N 41 Нұсқаулық Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу туралы

### **Күшін жойған**

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті 1997 жылғы 29 желтоқсан N 1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 26 қаңтар N 442 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан ұзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің  
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"  
Қазақстан Республикасының K010209\_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданыска енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына сәйкес

### **БҰЙЫРАМЫН:**

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:  
29. "Жер қойнауды пайдаланушыларға салық салу" N 41 Нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997 жылғы 29 желтоқсандағы N 1 V970442\_ бұйрығы. -----

-----  
Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің  
Салық комитеті Төрағасының  
1997 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1 бұйрығымен  
бекітілген

Ескерту: Нұсқаудың мәтініндегі "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Президентінің Заң қүші бар N 2235 Жарлығы" деген сілтеме кез-келген септеуде "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының N 2235 Заңы" деген тиісті септеумен ауыстырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен. V991055\_

## I Бөлім Жалпы ережелер

### 1 тарау. Реттелетін мәселелер

1. Осы Нұсқаулық "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының N 2235 Z952235\_ Заңының негізінде, 2000 жылдың 1 қантарына дейінгі жағдай бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды және оның ережелерін орындау үшін қабылданған нормативтік актілерді ескере отырып әзірленді. <\*>

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен. V991055\_

2. Осы Нұсқаулықтың ережелері Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салудың мынадай мәселелерін реттейді:

- 1) Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу жөніндегі жалпы ережелер;
- 2) Жер қойнауын пайдалануда қолданылып жүрген Шарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдер мен салықтарды есептеуінің және төленуінің тәртібі;
- 3) Өнімдерді бөлу туралы шарттардың жағдайларына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар төлейтін өнімдерді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының Улесін ("Өнімдерді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының Улесін") есептеудің және төлеудің тәртібі;
- 4) тарихи шығындардың орнын толтыру сомаларын есептеудің және төлеудің тәртібі;
- 5) жер қойнауын пайдалану шарттарын жасасу сәтіне дейін жер қойнауын

пайдаланушылардың төлейтін төлемдерін есептеудің және төлеудің тәртібі;

6) жер қойнауын пайдаланушылардың Салық заңдарын және жер қойнауын пайдалану Шарттарының талаптарын сақтауын Салық қызметі органдарының бақылауын жүзеге асырудың тәртібі.

3. Осы Нұсқаулықтың ережелерін қолданған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Құзыретті орган мен отандық немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар арасында 1996 жылғы 1 қантарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалану жөніндегі Шарттарда, сондай-ақ аталған уақыттан кейін жасалған және міндетті түрде салықтық сараптамадан өткізілген шарттарда айқындалған салық салудың ережелері, осы Нұсқаулықтың 24-тармағының ережелері есептеле отырып, олардың әрекет ету мерзімінде сақталатынын ескеру қажет. Аталған жер қойнауын пайдалану жөніндегі шарттарға оларға қол қойылған сәтте қолданыста болған Қазақстан Республикасы заңдарының ережелері қолданылады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998.07.10. N 62 V980551\_ бұйрығымен.

## 2 тарау. Анықтама

4. Осы Нұсқаулықта пайдаланылған: "Активтер", "Бонус", "Кірістің ішкі нормасы", "Өнім шығару", "Дивидендтер", "Қазақстандық кіріс көзінің табысы", "Тарихи шығындар", "Коммерциялық байқаулар", "Құзырлы орган", "Жер қойнауын пайдалануға арналған Шарт", ("Шарт"), "Шарттық аумақ", "Лицензия", "Кен орны", "Салық сараптамасы", "Салық заңдары", "Салық жылы", "Салық режимі", "Жер қойнауы", "Жер қойнауын пайдаланушы", "Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар", "Негізгі құралдар", "Жалпы таралған пайдалы қазбалар", "Пайдалы қазбалар", "Барлау", "Роялти", "Жер қойнауын пайдаланушының артық кірісі", "Жиынтық жылдық табыс", "Техногендік минералдық құрылымдар" және "Таза пайда" деген терминдер Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қантардағы N 2828 U962828\_ Жарлықтарында анықталған мағынасы бойынша қолданылады.

4-1. Геологиялық барлау жұмыстарына (геологиялық зерттеу, барлау және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары) мыналар жатады:

жер қойнауының жағдайына мониторинг жүргізу, сейсмикалық болжау;  
геологиялық, географиялық, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, геоэкологиялық суретке түсірuler;

пайдалы қазбаларға перспективаларды айқындаумен жалпы Республика аумағының геологиялық құрылымын зерттеу;

теніздік геологиялық-физикалық, ғылыми және тақырыптық зерттеулер;

ғылыми-геологиялық зерттеулер;

жер қойнауын пайдаланушылар үшін ақпараттық негіз болып табылатын мемлекеттік геологиялық карталарды жасау;

пайдалы қазбалардың орындарын барлау және оларды бағалау;

геологиялық барлау және геологиялық іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін қажетті мұлікті тасымалдау;

лабораториялық, топографтік-геодезиялық, карта жасаушылық, бұрғылау, кен қазу және геологиялық барлауға жататын басқа жұмыстар;

пайдалы қазбаларды жер қойнауының бетіне шығарумен байланысты

жұмыстардан басқа пайдалы қазбаларды өндіруге кен орнын дайындаумен байланысты жұмыстар.

<\*>

Ескерту: 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен.

V991055\_

5. Осы Нұсқаулықтың мәтінінде "Жер қойнауын пайдалануға арналған Шарт" термині немесе "Шарт" тек қана Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте жасасқан және мемлекеттік тіркеуден өткен Шарттар үшін ғана қолданылады.

## II Бөлім

Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу

жөніндегі Жалпы ережелер

3 тарау. Жер қойнауын пайдалануға арналған Шарттарда

Салық режимін белгілеу

6. Жер қойнауын пайдаланушылар үшін белгіленетін салықты және басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі талаптар (Салық режимі) заңдарда белгіленген тәртіппен жасасқан Жер қойнауын пайдалануға арналған Шарттарда

анықталады. <\*>

<\*> Ескерту. Жер қойнауын пайдалану шарттарын жасасудың тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Жер қойнауын және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қанчардағы N 2828 Жарлығымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Шарттарды жасасудың тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысымен бекітілген.

7. Салық режимін, оның ішінде Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдерді белгілеу үшін және салықтарын анықтау үшін, Жер қойнауын пайдаланудың барлық жасалатын Шарттары, олар жасалатын уақытқа дейін, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен міндетті Салықтық сараптамадан өткізуға тиіс. <\*\*> Бұл ереже, сондай-ақ салықтар мен төлемдерді төлеу мәселелеріне тікелей немесе жанама қатысы бар, бұрын жасалған Шарттарға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қолданылады.

<\*\*> Ескерту. Салықтық сараптамаларды жүргізудің тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 маусымдағы N 999 Р970999\_ "Салықтық сараптамаларды жүргізу туралы" қаулысымен бекітілген.

8. Шарттарды қоспағанда, салықтар мен төлемдерді төлеуге қатысты мәселелерді Жер қойнауын пайдалануға байланысты лицензиялар мен басқа да актілерге, оның ішінде Жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыратын кәсіпорындарды жекешелендіру және олардың акцияларын сатып алу-сату мәселелерін реттейтін келісім-шарттарға енгізуға тыйым салынады.

9. Шартпен бекітілген Салық режимі, егер Шарттың жағдайларында өзгеше қаралмаса, Шарт күшіне енген уақыттан бастап Жер қойнауын пайдаланушыға қолданылады.

10. Шарт күшіне енетін уақытқа дейін Жер қойнауын пайдаланушылар салықтар мен төлемдердің есебін Қазақстан Республикасының міндеттемелер пайда болған уақытқа дейін қолданылып келген зандарына сәйкес жүргізеді. <\*>

Ескерту: 10-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен. V991055\_

11. Шартпен белгіленетін Салықтық режим Қазақстан Республикасының Шарт жасалған уақытқа дейін қолданылып келген, салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеуді реттейтін зандарына сәйкес болуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ сөйлеммен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998.07.10. N 62 V980551\_ бұйрығымен.

11-1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі жаңа шарт сол жер қойнауын пайдаланушымен немесе оның мирасқорымен жасалған жағдайда бұрын жасалған шартты орындау үшін, салық режимі тек сол жерде жер қойнауын

пайдаланудың болашақ шартына ішінара немесе толық ауыстыру көзделген шектерде ғана қолданылады. <\*>

Ескерту: 11-тармақтың екінші сейлемі 11-1-тармақ болып саналды - ҚР

Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы

N 1571 бұйрығымен. V991055\_

12. Шарттардың салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуге қатысты, осы Нұсқаулықтың 11-тармағының ережелеріне қайшы келетін ережелері жарамсыз деп саналады және Шарттардың ережелерінде келісім-шарт жасау күнінде қолданылған Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес салық салу бөлшегінде келісім-шарт қағидаларын әкелу мақсатында белгіленген тәртіппен қайта қаралуға жатады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998.07.10. N 62 V980551\_ бұйрығымен.

Ескерту: 12-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен. V991055\_

#### 4 Тарау. Жер қойнауын пайдалану Шарттарының салықтық режимінің үлгілері

13. Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу, Жер қойнауын пайдалану Шарттарының негізгі түрлеріне қарай екі үлгіге бөлінеді.

14. Салық режимінің бірінші үлгісі, Салық режимінің екінші үлгісі арналған, Шарттардың "Өнімдерді бөлу туралы" түрін қоспағанда, Шарттардың барлық түрлеріне қолданылады.

15. Бірінші үлгі Жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, салықтарды және басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлерін төлеуін көздейді. Осы үлгі Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Жарлығынан, оның Шарт жасалған уақытқа дейін өзгерістері мен толықтыруларынан, Қазақстан Республикасының басқа да Заңдарынан, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарынан, Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының және Қазақстан Республикасының бюджетіне түсетін салықтар мен төлемдердің төленуін реттейтін шешімдерінен, қаулыларынан және заңға қосымша актілерінен тұратын, Қазақстан Республикасы Салық заңдарына сәйкес Жер қойнауын пайдаланушылар үшін қолданылатын жалпы Салық режимін қолдануды көздейді

16. Екінші үлгі Жер қойнауын пайдаланушылардың өнімдерді бөлу бойынша

Қазақстан Республикасының Үлесін төлеуін (беруін), сондай-ақ салықтарды және басқа да міндепті төлемдерді төлеуді салықтардың және басқа да міндепті төлемдердің мынадай түрлерін төлеуді көздейді:

- 1) Занды тұлғалардан алынатын табыс салығын, сондай-ақ төлем көзінен ұсталатын табыс салығын;
- 2) шетелдік занды тұлғаның тұрақты мекемесінің таза табысына алынатын салықты;
- 3) Қосылған құн салығын;
- 4) Бонустарды;
- 5) Роялтилерді;
- 5-1) әлеуметтік салықты;

<\*>

- 6) Занды тұлғалардан мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алымдарды;
- 7) әрекеттің жекелеген түрлерімен шұғылдану құқығы үшін алымдарды;
- 8)

<\*>

9) Қазақстан Республикасының Заң актілерімен белгіленген және Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235

Z952235\_

Заңының 3-бабымен  
көзделмеген басқа да міндепті төлемдерді.

Ескерту: 16-тармақ толықтырылады, өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бүйрігімен.

V991055\_

### III бөлім

Жер қойнауын пайдаланушылар үшін Салық заңдарында көзделген салықтар мен төлемдерді есептеу мен төлеудің ерекшеліктері

5 тарау. Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салудың жалпы ерекшеліктері

17. Жер қойнауын пайдаланушылар бірінші және екінші үлгілі Салық

режимі көзделген салықтар мен төлемдерді есептеуді және төлеуді өздігінен жүргізеді.

18. Жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының зандарына және Жер қойнауын пайдалану шарттарының жағдайларына сәйкес Жер қойнауын пайдаланушылардың Арнаулы төлемдері мен салықтарын төлейді, олар мыналарды қамтиды:

- 1) Бонустарды;
- а) жазылымды;
- б) коммерциялық байқауды;
- в) өнім шығару - 1998 жылдың 1 шілдесіне дейін жасалынған келісім-шарттар үшін;

<\*>

- 2) Роялтилерді;
- 3) Артық кіріс салығын;
- 4) өнімдерді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының Үлесін.
- 5) Қазақстан Республикасының зандарына және жасалған шарттардың ережелеріне сәйкес белгіленген жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқа да төлемдер, оның ішінде бюджетке тарихи шығындарды өтеу.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің  
Салық комитеті Төрағасының 1998.07.10. N 62  
V980551\_

бұйрығымен.

Ескерту: 18-тармақ толықтырылады - ҚР Мемлекеттік кіріс  
министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571  
бұйрығымен.

V991055\_

19. Жер қойнауын пайдаланушылардың Арнаулы төлемдері мен салықтары, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен өнім бөлу бойынша табиғи түрдегі Роялтилер мен Қазақстан Республикасының Үлесін төлеуді белгіленгеннен басқасы, ақшалай түрде төленеді. <\*>

<\*> Ескерту. "Жер қойнауы және Жер қойнауын пайдалану туралы" 1996

жылдың 27 қаңтарындағы N 2828 U962828\_ Жарлықтың 1 бабының 4) тармағы.

1 бапты 11) тармағы - табиғи түрдегі бөлу туралы шарттардағы Роялтилер мен Қазақстан Республикасының Үлесін төлеуді белгілеудің тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қыркүйектегі N 1329 Р971329\_ қаулысымен анықталған.

20. Жер қойнауын пайдаланушылардың Арнаулы төлемдері мен салықтары, Шарттардың жағдайларымен оларды шетелдік валютада есептеу және төлеу көзделген жағдайларды қоспағанда, Ұлттық валютада есептеледі және төленеді.

21. Құрамында әрекетін бір контракт бойынша жүзеге асыратын ұйымдар мен жеке тұлғалар енетін Жер қойнауын пайдаланушы салық салу мақсатында біртұтас салық төлеуші болып саналады және Шартта белгіленген салықтар мен төлемдерді төлеуге міндettі.

Мысалы. "ОНЭНП Ақтөбе ЛТД" көмірлі оттегін өндіруге шарт жасасты. "ОНЭНП Ақтөбе ЛТД" компаниясын бес заңды тұлға "А.Х.ЛТД", "А.Я.ЛТД", "В.Т.ЛТД", "Р.У.ЛТД" және "А.Е.А.ЛТД" Консорциум түрінде аталған Шартты жүзеге асыру үшін құрылған.

Жасалған контракт негізінде төленетін салықтар мен төлемдер бойынша (оның ішінде Бонустар, Роялтилер, Артық кіріс салығы, заңды тұлғалардың Табыс салығы, Мұлік салығы, қосылған құн салығы, Жол қорына аударымдар және басқалар бойынша) біртұтас Жер қойнауын пайдаланушы болып Консорциум саналады, ол аталған салықтар мен төлемдер бойынша салық органдың салықтық есепте тұрады.

Консорциумға қатысушы "А.Х.ЛТД", "А.Я.ЛТД", "В.Т.ЛТД", "Р.У.ЛТД" және "А.Е.А.ЛТД" компаниялары аталған ережені қамтамасыз ету үшін консорциумның операторын (консорциумға қатысушы компанияны яки басқа компанияны) немесе басқа жұмыс органдың белгілейді, оған консорциумға қатысушылар атынан консорциумның "іс-әрекеті бойынша біртұтас (жалпы) бухгалтерлік және салықтық есеп жүргізу тапсырылады. Оператор яки жұмыс органды консорциумның атынан Салық заңдарының және Жер қойнауын пайдалану Шарты жағдайларының орындалуы үшін, оның ішінде салықтар мен төлемдердің толық және уақытында төленуі үшін мемлекет (салық қызметі органы) алдында жауап береді.

Жекелеген қатысушының олар төлеген салықтар мен төлемдер туралы салық қызметінен құжаттар алу қажеттігі пайда болған кезде, оператор яки жұмыс органды салық салынатын обьектілердің сомаларын өз бетімен бөледі және консорциум төлеген салықтар мен төлемдердің жалпы сомасындағы әрбір қатысушының үлесін анықтайды және салық органына осы сомалар туралы анықтама береді. Қажет болса, аталған анықтаманың негізінде салық қызметі органы консорциумның мүшелеріне олардың әрқайсысы төлеген салықтың

сомасы туралы құжаттық растама береді.

## 22. Салықтық шекара.

1) жер қойнауын пайдаланушылар салықтар мен төлемдерді есептеп шығару мақсатында жер қойнауын пайдалану жөніндегі Шарттар бойынша кірістер мен шегерімдерді жер қойнауын пайдалану жөніндегі аталған Шарттың шеңберінен тысқары әрекеттер бойынша кірістермен және шегерімдермен біріктіре алмайды;

<\*>

2) Аталған ереже, Пайдалы қазбалардың басқа түрлерін өндіруді көзdemеген жағдайда, Жалпы таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі Шарттарға қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгертілді - КР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998.07.10. N 62 V980551\_ бұйрығымен.

23. Жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыруға қатысы жоқ операциялар жөніндегі Салық режимі.

Жер қойнауын пайдалануши Шартта көзделмеген әрекетті жүзеге асырған жағдайда, олардың төлемдері бойынша міндеттемелер пайда болған сэтте, ол осы қызметі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген салықтар мен төлемдерді төлеуге міндетті. Салықтар мен төлемдерді есептеуде дәлдікті қамтамасыз ету үшін Жер қойнауын пайдалануши аталған іс-әрекет бойынша бөлек салықтық есебін жүргізуге міндетті.

Мысалы. "K; S.S. Ltd" бірлескен кәсіпорны өзінің әрекетін барлау және көмірлі-су тегін өндіру Шартына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Одан басқа, бұл кәсіпорын минералды су өндіру жөнінде зауыт ашты.

Бұл жағдайда, минералды су өндіру жөніндегі әрекет барлау және көмірсутегін өндіру Шартында қарастырылмаған, сондықтан бұл кәсіпорын аталған әрекеті бойынша жеке салықтық есеп жүргізуге және ол бойынша осындай әрекет жүзеге асырылған уақытқа дейін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген салықтар мен төлемдерді төлеуге міндетті.

## 24. Салық режимінің тұрақтылығы.

1) Белгіленген тәртіппен жасалған және міндетті Салықтық сараптамадан өткен, Жер қойнауын пайдалану Шартында белгіленген Салық режимі осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзгеріссіз аталған Шарттың әрекет ету мерзімі біткенге дейін сақталады.

2) Шартта белгіленген Салық режиміне өзгерістер тек шарттың тараптарымен келісім бойынша ғана енгізілуі мүмкін. Оның ішінде Шарттың Салық режиміне өзгерістер заңдарға немесе халықаралық келісім-шарттарының ережелеріне өзгерістер енгізілген жағдайда, шарттың бастапқы ережелерін бұдан әрі сақтау мүмкін болмайтын немесе оның жалпы экономикалық қағидаларын елеулі

өзгерістерге ұшырататын сәттен кейін енгізіледі. <\*>

Мұндай өзгерістердің енгізілуін Шарт күшіне енген сәттегі жағдай бойынша қалыптасқан, Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушының Шарт жөніндегі экономикалық мұдделерінің арасалмағын өзгертпеуге тиіс. <\*>

1-мысал. Шетелдік корпорация 1994 жылдың 1 қаңтарында Атырау облысында көмірлі-су тегін өндіруге 25 құнтізбелік жылға Шарт жасасты. Өнім өндіру Жобасы біріккен қесіпорын құру негізінде жүзеге асырылады. Салық зандарына сәйкес Корпорация бірлескен қесіпорын қатысушыларға бөлестін кіріс бойынша 15% көлемінде дивидендтерге салық төлеуге тиісті. 1996 жылдың 1 қаңтарынан екі мемлекет Үкіметтерінің арасында қосарланған салықты жою туралы Келісім қүшіне енеді, Оған сәйкес дивидендтерге салынатын салықтың ставкасы 5% мөлшерінде белгіленген.

Осылайша, зандар 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірлескен қесіпорынның Корпорацияға бөлінетін кірістер бойынша дивидендтерден 15% мөлшерінде салық ұстаудың рұқсат етеді. Алайда, мұндай жағдайда Қазақстан Республикасының Дивидендтер салығының төмендетілуі салдарынан Қазақстан тарапының шығынын ақшалай өтетуге құқығы бар және мұндай құқық жоғарыда аталған келісімнің әрекетіне ұшырамайтын, басқа төлемдердің немесе салықтардың (әдетте Роялтилердің) мөлшерін (ставкаларын) арттыру жолымен іске асырылуы мүмкін.

2-мысал. "Мұнай" компаниясы Жер қойнауын пайдалануға 1996 жылға Шарт жасасты. Заңға сәйкес 1996 ж. Компания төлейтін Жазылымды бонус занды тұлғалардан табыс салығын шығарған кезде шегеруге жатпайтын болды. Салық зандарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, 1997 жылдың 1 қаңтардан бастап Жазылымды бонус шегерімдер сомасына енгізіледі, мұлік салығының ставкасы салық салынатын объектінің 1 процентін құрайды. Осы Нұсқаулықтың 24-тармағына сәйкес шешім қабылданбаған жағдайда, "Мұндай" компаниясы заңның Шарт күшіне енген Уақыттан кейін енгізілген өзгерістерін есепке алмастан, 1996 ж. зандарына сәйкес салық салудың жағдайларын сақтауға міндетті. <\*>

ЕСКЕРТУ. 24-тармақ өзгерілді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998.07.10. N 62 V980551\_ бұйрығымен.

25. Құқықтардың басқаға берілуіне салық салу.

Шартта берілген құқықты өткізіп беруден алынатын табыстар Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заңында белгіленген тәртіппен салық салуға жатқызылады.

Мысалы. "M.S.M. Ltd" компаниясы Атырау облысында көмірлі-су тегін өндіруге Қазақстан Республикасының Үкіметімен Шарт жасасты. Келіссөздер

жүргізу барысында Компания лицензияларды сатып алуға, кеңесшілерге ақы төлеуге, геологиялық ақпараттарды сатып алуға, іссапар шығындарына және т.б. 100 млн. теңге шығындарды. Көмірлі-су тегін өндіруге кіріспестен, ол аталған Шарт бойынша "R.S.K & GYL Лтд" компаниясына құқықтарын өткізіп беруді 200 млн. теңгеге жүзеге асырып, сонымен 100 млн. теңге табысқа ие болды. Алынған табысқа, мұндай табысты салық салу объектісі болып табылатын құқықты өткізіп берген уақытқа дейін қолданылып келген, салықтар салынуға тиіс.

Бұл орайда занды тұлғалардың табыс салығын, оның ішінде құқықтарды тапсырып беру жөніндегі операцияларға қатысты занды тұлғалардың төлем көздерінен ұсталатын табыс салығын есептеу және төлеу тапсырып беру сәтінде қолданыста болған Қазақстан Республикасының салық зандарында белгіленген тәртіппен жүргізілетін, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану жөніндегі шартта белгіленген құқықтарды тапсырып беру жөніндегі операциялардың қосылған құн салығынан босатылатынын ескеру керек. <\*>

ЕСКЕРТУ. 25-тармақ толықтырылды - КР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998.07.10. N 62 V980551\_ бұйрығымен.

#### 6 Тарау. Занды тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу тәртібінің ерекшеліктері

26. Жер қойнауын пайдалану Шарты (пайдалы қазбаларды, оның ішінде жалпы тараптады пайдалы қазбалар мен жер асты суларын өндіру) негізінде әрекет етуші Жер қойнауын пайдаланушы салық салынатын табыстың сомасын анықтаған кезде, барлық салық төлеушілер үшін көзделген шегерімдерден басқа шығыстардың мынадай түрлерін шегеруге құқығы бар Қазақстан Республикасының салық зандарына сәйкес: <\*>

- 1) Бонустар мен роялтилердің сомаларын;
- 2) Шарттық аумақта Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың аяқталуына байланысты, кен орындарын игерудің салдарын жою қорына (резерв қорына) бөлінген аударымдардың сомасын (кен орындарын игерудің салдарын жою қорына аударымдардың мөлшері мен тәртібін Жер қойнауын пайдалану Шартымен кен орындарын игерудің салдарын жоюға арналған шығындардың жобалық сомасын ескере отырып, Құзырлы органның келісімі бойынша Шарттардың Салықтық сараптамадан өткізілуі барысында кен орнын игерудің бүкіл мерзіміне белгіленеді). Егер кен орындарын игерудің салдарын жою жөніндегі іс жүзіндегі шығындар аталған қорғау жасалған аударымдардан кем болған жағдайларда, айырмашылықтың артығы Жер қойнауын пайдаланушының салық салынатын табысына қосуға жатқызылады. <\*>

3) Жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік салаларын дамытуға Жер қойнауын пайдалану Шарттарында белгіленген сомалардың шегінде іс жүзінде жұмсаған шығындарын;

4) мемлекет Шарттық аумақта жұмсаған Тарихи шығындарды қайтарудың іс жүзінде бюджетке төленген сомасын.

ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998.07.10. N 62 V980551\_ бұйрығымен.

Ескерту: 26-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен. V991055\_

27. Салық салынатын табысты есептеген кезде, Жер қойнауын пайдалану Шарттары бойынша жүзеге асырылған әрекетке байланысты жинақталған зияндарды Жер қойнауын пайдаланушы жеті жылды қамтитын мерзімге дейін кейін қалдырады. Бұл орайда барлау және кен орнын жасақтау шығындарына байланысты жинақталған зияндарды ауыстыру пайдалы қазбаларды өндіру басталған жылдан басталады.

Мысалы. "Тұлпар" компаниясы көмірсуге барлауға және өндіруге Шарт жасасты. Аталған Шарт бойынша әрекет етудің барысында компания 4 жыл бойы барлау жұмыстарын жүргізіп, 5-ші жылы коммерциялық маңызы бар мұнай кен орнын тапты және сол жылы аталған кен орнын игеруге және мұнай өндіруге кірісті.

Бұл жайда, компанияның геологиялық зерделеуге, барлауға және Пайдалы қазбаны игеруге дайындық жұмысына, Жазылымды бонус пен коммерциялық байқау бонусын төлеуге жұмсаған барлық шығындары өнім өндіру басталған жылдың алдындағы барлық уақыттың ішінде жинақтала беруге тиіс және осы жылы ғана шегеруге жатқызыла бастайды. Салық зандарына сәйкес анықталатын зияндардың жинақталған сомасы өндіріле бастаған жыл - 5-ші жылдан бастап ауыстырыла бастайды және әрбір жылдың зияны одан кейінгі жеті жылға дейінгі мерзімге ауыстырылуы мүмкін.

28. Амортизациялық алымдарды есептеудің тәртібін реттейтін нормалардан басқа, Негізгі қорлар жөніндегі шегерімдерді айқындау үшін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі Шарттардың негізінде әрекет ететін Жер қойнауын пайдаланушылар үшін мынадай ережелер қолданылады:

1) 1998 жылғы 1 шілдеден кейін қол қойылған шарттар бойынша Жер қойнауын пайдаланушылар Геологиялық зерделеуге, пайдалы қазбаларды өндіруге арналған Барлау және дайындық жұмыстарына жұмсалған шығыстары, бағалау, жағдай жасау жөніндегі шығыстарды қоса, жалпы әкімшілік шығыстар мен Қол қойылатын бонус пен коммерциялық байқау бонусын төлеуге

байланысты шығыстар амортизациялық аударымдар түрінде жылдық жиынтық табыстан шегерімге жатады және жеке топ құрайды. Бұл топ жөніндегі амортизациялық аударымдар жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша белгіленетін нормаларға сәйкес пайдалы қазбалар өндіріле бастаған сәттен бастап жүргізіледі, бірақ 2-топтың негізгі құралдарын пайдаланудың шекті нормасынан (25 проценттен) аспауға тиіс.

**МЫСАЛЫ.** "Мұнай" компаниясы 1998 жылғы 3 шілдеде Ақтөбе облысында көмірлі-сүтегін барлау және өндіру жөнінде Шарт жасасты.

Осы Шарт бойынша әрекет ету барысында компания 4 жыл бойы барлау жұмыстарын жүргізіп, 5-жылы коммерциялық мүддесі бар мұнай кен орнын тапты, осы жылы аталған кен орнын игеруге және Мұнай өндіруге кірісті.

Бұл жағдайда компанияның Геологиялық зерделеуге, Барлауға және Пайдалы қазбаларды Өндіру үшін дайындық жұмыстарына, Қол қойылатын бонус пен Коммерциялық байқау бонусын төлеуге жұмсаған барлық шығындары және Шартты орындау жолында ұшыраған басқа да шығындары өндіру басталған осы жылдың алдындағы барлық жылдар ішінде жинақталуға тиіс және амортизацияны есептеу үшін жеке топ құрайды.

2) 1997 жылғы 1 қантардан 1998 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде қол қойылған шарттар бойынша Жер қойнауын пайдаланушының Геологиялық зерделеуге, пайдалы қазбаларды өндіруге арналған Барлау және дайындық жұмыстарына жұмсаған шығыстары, бағалау, жағдай жасау жөніндегі шығыстарды қоса, жалпы әкімшілік шығыстар мен Қол қойылатын бонус пен Коммерциялық байқау бонусын төлеуге байланысты шығыстар амортизациялық аударымдар түрінде жылдық жиынтық табыстан шегерімге жатады және жеке топ құрайды. Бұл топ жөніндегі амортизациялық аударымдар Пайдалы қазбаларды Өндіру басталған жылдан алғашқы бес жыл ішінде 1-топтың негізгі қорларын пайдаланудың шекті нормасы бойынша жүргізіледі, ал құнның қалған бөлігі бес жыл өткен соң жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша белгіленетін нормалар бойынша келесі пайдалану кезеңнің кез келген сәтінде шегеріледі.

**МЫСАЛЫ.** "Тұлпар" компаниясы 1998 жылдың 20 наурызында Қызылорда облысында көмірлі-сүтегін барлау және Өндіру жөнінде Шарт жасасты.

Осы Шарт бойынша әрекет ету барысында компания 4 жыл бойы барлау жұмыстарын жүргізіп, 5-жылы коммерциялық мүддесі бар мұнай кен орнын тапты, осы жылы аталған кен орнын игеруге және Мұнай өндіруге кірісті.

Бұл жағдайда компанияның Геологиялық зерделеуге, Барлауға және Пайдалы қазбаларды Өндіру үшін дайындық жұмыстарына, Қол қойылатын бонус пен Коммерциялық байқау бонусын төлеуге жұмсаған барлық шығындары және Шартты орындау жолында ұшыраған басқа да шығындары өндіру басталған осы

жылдың алдындағы барлық жылдар ішінде жинақталуға тиіс және амортизацияны

есептеу үшін жеке топ құрайды.

Компанияның 4 жылдағы барлық шығындарының сомасы 500 млн. теңгені құрады.

Компания аталған топ бойынша амортизациялық аударымдарды алғашқы 5 жыл ішінде 30 проценттік шектеулі ставка бойынша, ал Шарт әрекетінің 5-жылынан бастап, оның ішінде:

- 5 жыл үшін 150 млн. теңге;
- 6 жыл үшін 105 млн. теңге;
- 7 жыл үшін 73,5 млн. теңге;
- 8 жыл үшін 51,45 млн. теңге;
- 9 жыл үшін 36,015 млн. теңге төлей алады;

Аталған шығыстар бойынша амортизациялық аударымдардың ең көп сомасы 5 жыл ішінде барлығы 415,97 млн. теңгені құрауы мүмкін. Топ бойынша қалдық құнды (84,035 млн. теңге) компания өз қалауы бойынша, егер мұндай шығыстар коммерциялық байқау сәтінен соң жүргізілген жағдайда Шартты жүзеге асырудың 10-жылынан басталған кез келген жылы 0%-тен 100%-ке дейінгі ставка бойынша амортизация есептеу жолымен шегерімге жатқызады.

3) 1997 жылғы 1 қаңтарға дейін қол қойылған шарттар бойынша Геологиялық зерделеуге, Пайдалы қазбаларды Өндіру үшін дайындық жұмыстарына жүмсалған шығыстар Шартқа қол қойылған сәттегі Қазақстан Республикасының заңдарында және жер қойнауын пайдалану шарттарының ережелерінде белгіленген тәртіппен Жылдық жиынтық кірістен шегерілуге жатады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 28-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998.07.10. N 62 V980551\_ бүйрығымен.

28-1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабында көрсетілген пайдалы қазбаларды өндіруге кен орындарын дайындаумен байланысты жұмыстар және аумақтарды геологиялық зерттеу (барлау) жүргізу бойынша жер қойнауын пайдаланушы қызметінің барлық кезеңі үшін жинақталған өндіру кезеңі басынан бастап - шығыстар амортизациялық аударымдар түрінде жиынтық жылдық кірістен ұстап қалуга жататын, шығыстар сомасын есептеу аталған шығыстар сомасынан жасалған келісім-шарт

шегінде жүргізілетін қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушымен алынған кірістер сомасы ұстап қалынады.

### Мысал

"А" компаниясы пайдалы қазбаны барлауға келісім-шарт жасады.

Коммерциялық табу болғаннан кейін "А" пайдалы қазбаны өндіруге келісім-шарт жасады.

Барлауға келісім-шарт бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде "А" жалпы сомасы 70,155 млн. теңгені шығыстарға жатқызды, олардан:

20 000 теңге барлау жұмыстарын жүргізу үшін негізгі қаражаттарды алумен байланысты шығыстар,

50 000 теңгені ағымдағы шығыстар құрады,

100 мың теңге - жазылу бонусын төлеу,

40 мың теңге - қызметкерлердің еңбекақысын төлеу қоры,

15 мың теңге - өндірістен тыс және басқа да шығындар.

Барлау бойынша қызмет кезеңінде компания 5 000 теңге сомасында депозит бойынша банкінің төлемі түрінде кіріс алды, 150 мың теңге мөлшерінде пайдалы қазбаларды сатудан алынған кіріс, оның ішінде өнеркәсіптік-партияны сатудан алынған кіріс - (осы операциялар бойынша 60 мың теңге сомасында жағымды курстық айырым алынды) 90 мың теңге, 80 мың теңге лизингке жабдықты беруден және 100 мың теңге - қосалқы мердігерлерге жайды жалға беруден алынды.

Геологиялық зерттеу мен табиғат ресурстарын өндіруге дайындық жұмыстары жүргізілген шығыстар сомасын айқындау кезінде және зандарға сәйкес амортизацияға жататын 70,155 млн. теңгеден мыналар ұсталып қалынады:

тәжірибелік-өнеркәсіптік партияларды сатудан алынған сома - 90 мың теңге, жабдықты жалға беруден алынған кіріс сомасы - 100 мың теңге, сонымен 69,965 млн. теңге сома амортизацияланады.

Ескерту: 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс

министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571

бүйріғымен. V991055\_

29. Осы Шарт бойынша алынған Шарт бойынша іс-әрекетін жүзеге асыру шенберінде Жер қойнауын пайдаланушы жұмсаған шығыстар Жиынтық табыстан ғана шегеруге жатқызылады.

Егер Барлауға немесе Барлауға және Кен өндіруге жасалған Шарт бойынша аумақта әрекет етуші Жер қойнауын пайдаланушы Коммерциялық кен орнын таба алмаса және/немесе пайдалы қазбаны өндіру қарастырылмаса, онда мұндай Жер қойнауын пайдаланушының жұмсаған барлық шығындары қайтарылмайтын шығындар

болып табылады және аталған Шарт іске асырылатын әрекет жөнінде болсын - салық салынатын Табысты анықтаған кезде де, бұл Шартқа қатысы жоқ әрекет жөнінде салық салынатын Табысты анықтаған кезде шығыстар қайтарылатын болып табылмайды және шегеруге жатқызылмайды.

30. Салық салынатын Табысты есептеген кезде артық кіріске салынған салықтың сомасы шегеруге жатқызылмайды.

7 тарау. Қосылған құн мен акциздерге салық салу  
тәртібінің ерекшеліктері

31. Жер қойнауын пайдаланушылардың қосылған құн салығын есептеген кезде мынадай ерекшеліктері бар:

Қосылған құн салығын төлеуден босатылады:

- осы Нұсқаудың 4-1-тармағында көрсетілген геологиялық барлау жұмыстарының есебімен былай болады:

- нақты геологиялық, арнайы жұмыстардың түрлерін Қоса тізбесі, олардың көлемі мен құны геологиялық жұмыстарды өндіру талаптарының геологиялық-әдістемелік, жер қойнауын және қоршаган ортаны қорғау талаптарының зерттеу және геологиялық объектінің ерекшеліктерінен, ғылыми-техникалық мүмкіндіктерінен шыға отыра әрбір геологиялық (ғылыми-геологиялық) объектінің жобалық-сметалық құжаттамасында айқындалуы тиіс;

- арнайы жұмыстардың кейбір түрлері (сызба-безендіру, сараптау және сол сияқтылар) басқа мамандандырылған кәсіпорындардың күштерімен орындалуы мүмкін және геологтық барлау жұмыстарының құрамды бөлшегі болып табылады.

Осы жұмыстарды орындаудың қажеттілігі әрбір геологтық объектінің жобалық-сметалық құжаттамасы негізделеді және көрсетіледі. Мұның өзінде, жеңілдік осы геологиялық мекемелермен жұмыстарды орындауға келісім-шартты тікелей жасаған геологтық барлау ұйымдарға ғана қолданылады; <\*>

жер қойнауын пайдалану жөніндегі Шартта берілген құқықтарды тапсырып беру. <\*>

ЕСКЕРТУ. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998.07.10. N 62 V980551\_ бұйрығымен.

Ескерту: 31-тармақтың үшінші абзацы жаңа редакцияда жазылды -  
ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы

22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен. V991055\_

32. Жер қойнауын пайдалану Шарты жасалған уақытқа дейін мұнай өндіруді жүзеге асырып келген Жер қойнауын пайдаланушылар, сондай-ақ Салық режимінің бірінші үлгісі бойынша Салық режимі белгіленуімен Жер қойнауын пайдалану Шартын жасасқан Жер қойнауын пайдаланушылар сомасы заңдарда белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдалану жөніндегі Шарттарда

белгіленген акцизді есептеудегі ерекшеліктерді ескере отырып анықталатын және төленетін Шикі мұнай акцизін газ конденсатын қоса есептегендे төлейтін болады.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 32-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998.07.10. N 62

V980551\_

бұйрығымен.

33. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шикі мұнай өнеркәсіптік өндеуге берілген кезде Акциз оны берген сәтте төленеді.

IV бөлім

Бонустар

8 тарау. Бонустар туралы жалпы ережелер

34. Бонустар Жер қойнауын пайдаланушылардың бекітілген төлемдері болып табылады және Жер қойнауын пайдалану Шартында белгіленген мөлшерме және тәртіппен ақшалай түрде ғана төленеді.

35. Жер қойнауын пайдаланушылар, жер қойнауын пайдалану жөнінде қол қойылған Шарттардың жеке жағдайларына қарай, Бонустардың мынадай түрлерін төлейді:

<\*>

- Жазылымды бонус;
- Коммерциялық байқау бонусы;
- Кен өндіру бонусы.

ЕСКЕРТУ. 35-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 1998.07.10. N 62

V980551\_

бұйрығымен.

36. Шарттардың ережелеріне сәйкес Жер қойнауын пайдаланушылар бонустардің бір немесе бірнеше түрлерін төлейді. 1998 жылғы 1 шілдеден

бастап жер қойнауын пайдалану жөніндегі қол қойылған Шарттарда Өндіру бонусы белгіленбейді.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 36-тармақ сөйлеммен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Тәрағасының 1998.07.10. N 62

V980551\_

бұйрығымен.

9 тарау. Жазылымды бонус

37. Жазылымды бонус Жер қойнауын құқығы үшін бір мәртелік бекітілген төлем болып табылады және Жер қойнауын пайдаланушылар заңда белгіленген тәртіппен тиісті операцияларға Шарт жасасқан жағдайда төленеді.

38. Жазылымды бонуссты төлеудің мөлшері мен мерзімі:

1) Жазылымды бонустың мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарында анықталған тәртіппен Жер қойнауын пайдалану Шартында белгіленеді.

2) Жазылымды бонус жөніндегі декларацияны, Шарт жасалған уақыттан бастап 10 күннің ішінде, бірақ Жазылымды бонусты төлемдер түсетін мерзімнен кешіктірмей, осы Нұсқаулықтың проценті 1-қосымшасында келтірілген нұсқа бойынша Салықтық тіркеу орнындағы Салықтық қызмет органдарына Төлеушілер тапсырады. <\*>

3) Жазылымды бонусты төлеудің мерзімі Шартпен немесе Шарт тараптарының келісімімен, бірақ Шарт жасалған уақыттан бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, белгіленеді.

Ескерту: 38-тармақ өзгертулді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің

1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен. V991055\_

39. Жазылымды бонусты төлеу жөніндегі, Шартта белгіленген ережелерді Жер қойнауын пайдаланушылар орындауға тиіс.

10 тарау. Коммерциялық байқау бонусы

40. Коммерциялық байқау бонусы бекітілген төлем болып табылады және Жер қойнауын пайдаланушы Шарттың аумақтағы әрбір Коммерциялық байқау үшін, оның ішінде ашылған кен орындарына қосымша барлау жүргізу барысында байқалған, олардың алғашқыда белгіленген өндірілетін қорын ұлғайтуға мүмкіндік беретін Пайдалы қазбалар үшін төлейді.

Мысалы: "Мұнай" компаниясы Атырау облысында орналасқан Шарттық аумақ (кен орыны) бойынша көмірсуге өндіруге Шарт жасасты.

Коммерциялық байқау Бонусы өндірілетін қор құнының 0,05 проценті мөлшерінде белгіленген. Мұның сыртында, Жер қойнауын пайдаланушы ашылған кен орындарын қосымша Барлау барысында байқалған әрбір пайдалы қазба үшін Коммерциялық байқау бонусын төлейтін болады.

41. Коммерциялық байқау бонусы Пайдалы қазбалардың Кен орындарына Барлауға арналған, кейіннен оларды өндіруді көзdemейтін Шарттар бойынша төленбейді.

42. Коммерциялық байқау бонусын төлеудің мөлшері мен мерзімі:

1) Коммерциялық байқау бонусын Жер қойнауын пайдаланушы Шарттық аумақтағы әрбір Коммерциялық байқау үшін Жер Қойнауын пайдалану Шартында белгіленген мөлшерде төлейді.

2) Коммерциялық байқау бонусы жөніндегі декларацияны Коммерциялық байқау расталған уақыттан бастап 20 күннің ішінде Осы Нұсқаулықтың N 2 және N 3-қосымшаларында келтірілген нұсқа бойынша Төлеушілер тапсырады. <\*>

3) Коммерциялық байқау расталған уақыттан бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей, белгіленген тәртіпке сәйкес төленеді.

Ескерту: 42-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен. V991055\_

## 11 тарау. Кен өндіру бонусы

43. Кен өндіру бонусы бекітілген төлем болып табылады және Жер қойнауын пайдаланушы шартта белгіленген кен өндіру көлеміне жеткен кезде мезгіл-мезгіл төлейді.

44. Кен өндіру бонусын төлеудің мөлшері мен мерзімі:

1) Кен өндіру бонусы, Жер қойнауын пайдалануды іске асырудың жағдайларына қарай және өндірілетін Пайдалы қазбалардың түрлеріне байланысты есептеледі және жинақталған өнімнің көлемі негізінде Жер қойнауын пайдалану Шартының бүкіл әрекет ету кезеңі бойынша Шартта белгіленген мөлшерде және мерзімде бір немесе бірнеше рет төленеді.

2) Кен өндіру бонусы бойынша декларацияны Салықтық тіркеу орны

бойынша Салық қызметі органдарына кен өндіру деңгейінің әрқайсысына қол жеткен айдан кейінгі айдың оныншы жүлдзызына дейін осы Нұсқаулықтың N 3 және N 4-қосымшаларында келтірілген нұсқау бойынша Төлеушілер тапсырады.

<\*>

3) Кен өндіру бонусы Шартта белгіленген кен өндіру деңгейінің әрқайсынына қол жеткен айдан кейінгі айдың 20 жүлдзызынан кешіктірмей төленеді.

Ескерту: 44-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен.

V991055\_

В Бөлім

Роялти

12 тарau. Роялти туралы жалпы ережелер

45. Роялти Жер қойнауын Пайдалы қазбалар оның ішінде жалпы таралған пайдалы қазбалар мен жер асты суларды өндіру және Техногендік минералдық құрылымдарды өңдеу процестерінде пайдалану құқығы үшін төлемдер болып табылады. <\*>

Ескерту: 45-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен. V991055\_

46. Роялтилердің төлеушілері Пайдалы қағазбалар оның ішінде жалпы таралған пайдалы қазбалар мен жер асты суларды өндіруді және/немесе Техногендік минералдық құрылымдарды өңдеуді жүзеге асыратын Жер қойнауын пайдаланушылар болып табылады. <\*>

Ескерту: 46-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен. V991055\_

47. Роялтиді Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 1 қыркүйектегі N 1330 Р971330\_ "Қазақстан Республикасында Жер қойнауын пайдалану Шарттарын тіrkеген кезде роялтидің мөлшерін белгілеудің Тәртібін бекіту туралы" қаулысымен және осы Нұсқаулықпен бекітілген, Роялтидің мөлшерін белгілеудің тәртібіне сәйкес Жер қойнауын пайдалану Шартында белгіленген тәртіппен және мөлшермен пайдалы қазбалар оның ішінде жалпы таралған пайдалы қазбалар мен жер асты суларының барлық түрлері бойынша

Жер қойнауын пайдаланушылар төлейді.

<\*>

Ескерту: 47-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен.

V991055\_

47-1. Әртүрлі маркалар мен сорттар өнімін сататын жер қойнауын пайдаланушылар үшін оны сату бағасы шығарылған сорттар мен маркалардың өлшенген орташа көлемі ретінде белгіленеді.

Мысал

Кен байыту комбинаты құрамында 40% хром тотығы бар хром рудасының 280 000 тоннасын өндірді және 100 000 тонна руда мен құрамында 60% хром тотығы бар хром концентратының 50 000 тоннасын жіберді.

Комбинаттың шотына сатылған өнім үшін келіп түсті:

руда үшін - 1 600 000 теңге

концентрат үшін - 1 500 000 теңге

Бастапқыда рудадағы хром тотығының құрамын былай есептеп шығарамыз:

$$1 00 000 \times 0,4 = 40 000 \text{ тонна},$$

және концентратта:

$$50 000 \times 0,6 = 30 000 \text{ тонна}$$

Одан кейін хром тотығының жалпы салмағын аламыз:

$$40 000 + 30 000 = 70 000$$

1 тонна хром тотығын сатудың орташа есептелген

бағасын есептейміз, ол мынаған тең

$$B = \frac{1 600 000 + 1 500 000}{70 000 \text{ теңге/тонна}} = 44,29$$

Одан кейін руданың өтелген запастарындағы

хром тотығының санын айқындаймыз:

$$280 000 \times 0,4 = 112 000 \text{ тонна}$$

Осыдан келіп, роялти мөлшері мынаны құрайды:

$$T = \frac{B \times C \times Zp}{44,29 \times 0,81 \times 112 000} = \frac{40 180 \text{ теңге}}{= 40 180 \text{ теңге}}$$

<\*>

100 100

Ескерту: 47-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен.

V991055\_

48. Роялти төлеудің түрлері:

- 1) Жер қойнауын пайдалану Шарттарында Роялтиді төлеу, осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақшалай түрде белгіленеді.

2) Шарттар бойынша әрекет ету барысында Роялти төлеудің ақшалай түрі осы Нұсқаулықтың 74-83-тармақтарында анықталған тәртіппен төлемнің табиғи түріне ауыстырылуы мүмкін.

13-тарау. Роялтилерді есептеудің жалпы жағдайлары

49. Роялтиді Жер қойнауын пайдаланушылар Пайдалы қазбалардың барлық түрлеріне байланысты, Жер қойнауын пайдалану Шарттарында белгіленген ставкалар бойынша есептейді:

- 1) Жалпы таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша осы Нұсқаулықтың 51-тармағында көрсетілген, бекітілген ставкалар бойынша;
- 2) барлық басқа Пайдалы қазбалар бойынша - әрбір Шартта жеке белгіленген ставкалар бойынша.

50. Жалпы таралған Пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша Роялтиді барлық Жер қойнауын пайдаланушылар, оның ішінде Пайдалы қазбалардың басқа да түрлерін Өндіру Шарттары бойынша әрекет ететіндер есептейді.

Мысалы. "ОНЭНП Ақтөбе ЛТД" компаниясы Ақтөбе облысында мұнай-газ кенорыны бойынша көмірсутегін өндірумен шұғылданады, бұл орайда мұнай өндіруден де, газ өндіруден де рентабелді болып отыр. Мұндай жағдайда Роялтидің ставкасы мұнай мен газ үшін бөлек есептеледі. Одан басқа, "ОНЭНП Ақтөбе ЛТД" компаниясы Шарттық аумақта Роялтилер бекітілген ставкалар бойынша есептелетін Жалпы таралған Пайдалы қазбаларды өндірген кезде, бұл

Пайдалы қазбаларды сатқан жағдайда да, сондай-ақ оларды өз мұқтаждары үшін пайдаланған жағдайларда да, Компания мұндай Роялтилерді заңдарда белгіленген тәртіппен төлеуге міндетті.

14 тарау. Жалпы таралған Пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша Роялтилердің ставкалары

51. Коммерциялық мақсаттарда өндірілетін сондай-ақ тегін берілген және өз қажеттілігі үшін пайдаланылатын, Жалпы таралған Пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша Роялтилер мынадай бекітілген ставкалар бойынша есептеледі <\*> :

<\*>

Ескерту. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қыркүйегіндегі N 1330

P971330\_

"Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға шарт жасасқан кезде роялти ставкаларын, Үстеме сұж есептеу үшін табыстың ішкі нормаларын анықтау Тәртібін Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға шарт жасасқан кезде коммерциялық байқау бонусы мен өндіру бонусын есептеу Тәртібін бекіту туралы"

Рет N	Пайдалы қазбаның атауы	Роялти ставкасы %
----------	------------------------	----------------------

1	2	3
---	---	---

1.  металлургиялық рудасыз шикізаттар	1
2.  Қалыптық құмдар, саз-балышқты жыныстар (дала   1  шпаты, пегматит), әктер, доламиттер, әк-доламит   жыныстары	

3.  Тамақ өнеркәсібіне арналған әктер	1
---------------------------------------	---

4.  Өзге рудасыз шикізат	3,5
--------------------------	-----

5.  Отқа төзімді саздар, каолин, вермикулит	3,5
---------------------------------------------	-----

---

6. |Ас тұзы | 3,5

---

7. |Жергілікті құрылым материалдары | 4,5

---

8. |Жанартаулық тығыз жыныстар, жанартаулық сулы | 4,5  
|эйнектер мен эйнекті жыныстар (перлит, |  
|обсидиан), малта тастар мен шағылдар, |  
|шағыл-құм қоспасы, енгидрит, гажа, саз бен |  
|сазды жыныстар (ауыр балқитын және женіл |  
|балқитын саздар, суглинка, аргиллит, алевролит|  
|сазды сланецтер), бор, мергель, мергель-бор |  
|жыныстары, (трепел, опок, диатомит), |  
|киарц-дала шпаты жыныстары, бут тастары, |  
|шөгінді, жанартаулық және метаморф жыныстары |  
|(гранит, базальт, диабаз, мәрмәр), құм |  
(құрылыштық, кварцтық, кварц-дала шпатындық), |  
|қалыптық емес құм, табиғи пигменттер, ұлутас |

---

9. |Жерасты сулары | 10

---

Ескерту: 51-тармақпен толықтырылды - КР Мемлекеттік кіріс

министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571

бұйрығымен.

V991055\_

### 15 тарау. Роялти алынатын объект

52. Роялти салу объектісі болып 55 және 60 тармақтар ережелерінің  
есебімен, бірінші тауар өнімін сатудың орташа бағасын ескеріп, құндық  
негізде есептелген өз қажеттілігі үшін пайдалануға немесе тегін беруге,  
сатуға арналғанына қарамастан пайдалы қазбаны өндіру (оның ішінде, жалпы  
таралған және жер асты сулары) көлемі табылады. Роялти алынатын объектінің  
құны осы Нұсқаулықтың 16-тарауына сәйкес анықталады.

<\*>

Ескерту: 52-тармақ өзгертілді - КР Мемлекеттік кіріс

министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571

бұйрығымен.

V991055\_

16 тарау. Пайдалы қазбалардың түрлері бойынша Роялти алынатын объектінің құнын анықтаудың тәртібі

53. Пайдалы қазбалар оның ішінде жалпы таралған пайдалы қазбалар мен жер асты сулардың түрлері бойынша Роялти алынатын объектінің құны өндірілген Пайдалы қазбалардан алғынған бірінші тауарлы өнімді сатудың орташа бағасына қарай, осы тараудың ережелерін ескере отырып 60-тармақ анықталады.

<\*>

Ескерту: 53-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 бұйрығымен.

V991055\_

54. Бірінші тауарлы өнімнің мынадай болуы мүмкін:

1) Алғашқы өндеуден өткен пайдалы қазбалардың өзі:

<\*>

- а) мұнай, табиғи газ және газ конденсаты;
- б) көмір мен жанғыш сланеңтер;
- в) тауарлы кендер;
- г) жерасты сулары, оның ішінде алғашқы өндеуден өткендері;
- д) слюда, асбест, құрылым материалдарын өндіруге арналған шикізаттар;

е) металургияға арналған рудасыз шикізат;

ж) басқа да Пайдалы қазбалар, оның ішінде алғашқы өндеуден өткендері;

2) қымбат бағалы металдар - құмдағы, кендеңі, немесе саф өнімдердегі химиялық таза металл;

<\*>

3) қара, тұсті, сирек және радиоактивті металдардың концентраттары, кен-химия шикізаты;

4) қымбат бағалы тастар, жалтырауық тастар мен пьезооптикалық шикізат - қаныққан өнімнің шығысы бойынша;

5) басқа да Пайдалы қазбалар бойынша - алғашқы өндеуден өткен

минералды шикізаттар.

ЕСКЕРТУ. 54-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті Тәрағасының 1998.07.10. N 62

V980551\_

бұйрығымен.

55. Есепті кезеңдегі алтын, күміс және платина бойынша бірінші тауар өнімінің бірлігін сатудың орташа бағасы үшін есепті кезеңдегі Лондон металлдар биржасындағы осы металлдарды сатудың нақты өлшенген орташа бағасы қабылданады.

Мысал

